Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**"Шыршаның инелері" әңгімесі** Мақсаты: балалардың ағаштар туралы түсініктерін кеңейту. Танымдық қызығушылықты дамытуға ықпал ету. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Түрлі заттар»** **Мақсаты** әртүрлі көлемдегі заттарды атау. **(сенсорика)** **Д/О: «Өлі табиғат»** **Мақсаты:**Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**		**"Аяз ағашты өлтіруі мүмкін бе?" әңгіме.** Әңгімелесу барысы: Барлық жануарлар мен адамдар суық қысқа дайындалады. Жануарлар жылы асты өсіреді. Олардың көпшілігі қыс мезгіліне қор жинап, баспана дайындап жатыр. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Салыстыр»** **Мақсаты**: аттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. **(сенсорика)** **Д/О: «Өлі табиғат»** **Мақсаты:**Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	**"Аяз қалай қалыптасады?" әңгіме.** Әңгімелесу барысы: Аяз шық сияқты қалыптасады. Аяз — қатты шық. Күн батқаннан кейін жер беті салқындай бастайды, таңертең одан да салқындай бастайды. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Салыстыр»** **Мақсаты**: аттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. **(сенсорика)** **Д/О: «Ересектердің еңбегі»** **Мақсаты:**. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Д/О:** «Көңілді қыс және қысқы ойындар» **Мақсаты:** Балаларды қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу. Табиғат көрінісін сипаттап, қызықтарын әңгімелету арқылы бүлдіршіндердің шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бір–біріне қамқор болуға тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Салыстыр»** **Мақсаты:**аттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. **(сенсорика)** **Д/О: «Жақсы» немесе «жаман»** **Мақсаты:**. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу (затсыз)** Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Орнында жүру.				

	Тыныс алу жаттығуы. **(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек)				
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Дене тәрбиесі** "Жаңа доп". Мақсат-міндеттері. Балаларға педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруды үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын меңгерту; допты лақтыру қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды педагог лақтырған допты қағып алып, оны қайтадан лақтыруды үйрету; допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасын епті орындау қол, дене бұлшық еттерін; дәлдеу дағдыларын дамыту; допты лақтыру дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру.		**Музыка.** "Кірпі". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білуді үйрету; музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; жабайы табиғат әлемімен таныстыру. **"Не, қалай дыбыстайды?" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Аңдарды дыбыстарынан тануды үйрету.	**Дене тәрбиесі** "Қане, домалатайық!" Мақсат-міндеттері. Балалардың допты қақпаның ішіне қарай домалату іскерліктерін пысықтау; кішкентай доптарды себепттерге жинау іскерліктерін дамыту; қыс мезгілінде болатын табиғи құбылыстар жайлы білімдерін толықтыру; шапшаңдыққа тәрбиелеу.	
2- таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу				
Серуен	Шыршаларды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жағалаудан жағалауға". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа шашырап жүгіру және секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене тәрбиесі)		Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жауу туралы білімдерін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аяз ата", "Қар айналады". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру.	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.) Бақылау: ауланың қай жерінде қалың қардың жатқанына балалардың көңілін аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (Терезедегі қырау.) Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шынидағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы буы салқын терезенің шынысына

	Мақсат-міндеттері. Алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттықтыру.		Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Нысанаға тигіз". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруды үйрету.	жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене тәрбиесі) Ептілік пен шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дене тәрбиесі)	буланып жабысады, ол мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауды және құбылыстарды атауды әрі қарай үйрету. Қимылды ойын. «Қасқұлақ» (қасқыр) (қазақ халқының ойыны). (дене тәрбиесі) "Қасқұлақтан" тығылуды және алаңды бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау ("қасқұлақ" сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), "күзетші" "қасқұлақты" қуалауға міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен үйлестіруін дамыту. Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен үйлестіре білуге ынталандыру.
Серуеннен оралу	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу				
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Күндізгі ұйқы	ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою,				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу. Шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Д/О:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(Экологиялық**	.	**Д/О: «**Торғайлар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету **(Экологиялық тәрбие)** «Боран»Ә.Табылдиев Міндеті:Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)**	**Д/О: :** Құстарға жем шашу. **Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу. **(Экологиялық тәрбие)** Мұзафар Әлімбаевтың	**Д/О: «**Қардан түрлі бейнелер жасау». **Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру **(Экологиялық тәрбие)** Шалқан (орыс халың ертегісі) Міндеті:Балаларды ертегілерін тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)**

	тәрбие) Жыл мезгілдері(ертегі) Міндеті:Балаларды ертегілерін тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:Түрлі заттар** Сурет салу Міндеті: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Мүсіндеу Міндеті: Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Жапсыру Міндеті: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Құрастыру Міндеті: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру		**Тақырыбы: Өлі табиғат** Сурет салу Міндеті: Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Мүсіндеу Міндеті: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: : Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін Құрастыру Міндеті: табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру	«Жұмыстың бәрі жақсы» Міндеті:Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:Ересектердің еңбегі** Сурет салу Міндеті: Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру Мүсіндеу. Міндеті: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: Жапсыруға қызығушылықты ояту Құрастыру Міндеті: өз бетінше құрастыру, .	**Тақырыбы:** Шалқан Сурет салу Міндеті: Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау Мүсіндеу Міндеті: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: : Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін Құрастыру Міндеті: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Балалармен жеке жұмыс	**"Артығын тап" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттері. Балаларға артық затты табуды үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттерді ұсынады: қар, шана,		Әтеш ойыншығымен ойнату. *Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Әтеш" (орыс халқының тақпағы).* Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте тұрасың?	**"Сипау арқылы тап" ойыны.** Мақсат-міндеттері. Заттарды қолмен сипап сезу арқылы тану және атау дағдысын үйрету. Құрал-жабдықтары. Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Аяз ата жаңа жылдық	**Өлең оқу.** Жарқырайды жұлдыздарым, Ілінген моншақтарым, Жымияды көк шарларым, Күлімдейді ойыншықтарым. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** ***Адил Інжу***

	доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес) **(тіл дамыту, қоршаған әлеммен танысу)** ***Қайрат Айсұлу***		Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың? **(тіл дамыту)** ***Бақтыбек Асылым***	сыйлықтарды қапқа салып кеткені, балалар оларды қаптан шығармай, қолмен сипау арқылы анықтап және атауларын атау керек. **(тіл дамыту, сенсорика)** ***Базарбек Мархаба***	
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (сөйлеуді дамыту)				
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу				
Серуен	Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: Аула сыпырушының қысқы еңбегі туралы түсініктерін бекіту. Еңбек: Қарды бір жерге үйіп, үстіне су құйып қатыру. Мақсаты: Тапсырманы орындау барысында қауіпсіздікті сақтау. Қимылды ойын: Қапшықты алысқа лақтыр Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу Еркін ойындар		Шырша мен қайыңды бақылау. Мақсаты: Қыс маусымындағы ағаштардағы өзгерістер мен ерекшелігін ажырату. Неліктен бұталары майысып кеткен? Еңбек: Үлескіні қардан тазарту. Қардан мүсіндер жасауға үйрету. Мақсаты: Еңбек құралдарын ұқыпты пайдалануға, жұмыс аяқталғаннан кейін тазалау Қимылды ойын: Қақпаға дәлдеп тигіз Мақсаты: Икемділкке тәрбиелеу Еркін ойындар	Қарды бақылау. Мақсаты: Қардың қасиетімен таныстыру (жабысқақ, ериді, түсі ақ және т.б) Қардан аққала жасау. Еңбек: Жолды қардан тазартып, су құю. Мақсаты: Сырғанақ жасауға үйрету. Бірігіп еңбек ете білуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: Қыс қызығы Мақсаты: Баланың танымдық қабілетін дамыту Еркін ойындар	Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың жылжуын, орналасуын, кеңістігтегі орнын, қалқуын бақылау Еңбек: Аула сыпырушыға қарды тасуға көмектесу Мақсаты: Тазалыққа тәрбиелеу: Қимылды ойын: Кім алысқа Мақсаты: шапшаңдыққа тәрбиелеу Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру Ата-аналармен әңгімелесу,кеңестер беру Үйде балаға ойын бұрышын ұйымдастыру Ата-аналарға балаларды жыл мезгіліне сай киіндіру жайлы айту				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Муслимхан» балабақшасы
Топ: «Балапан»кіші тобы
Балалардың жасы- 2 жастағы балалар.
Жоспардың құрылу кезеңі: 22.12-26.12.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. **(адал азамат)** «Кімнің заттары?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын: жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) байыту (**тіл дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. (**музыка**):	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(адал азамат)** «Кім не істейді?» Ойынның мақсаты: сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру (**тіл дамыту**) Д/О«Көңілді әуен» Міндеті: Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. (**музыка**):	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(адал азамат)** «Кімнің заттары?» Ойынның мақсаты: сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру (**тіл дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. (**музыка**):	Қонаққа келген қояннның ойыншығымен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(адал азамат)** Д/О «Қоян келді өонаққа» Мақсаты: Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. (**тіл дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның бұл әуендерді тани білу.(**музыка**)	Достар әнімен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(адал азамат)** Д/О «Сөз қос» Мақсаты: Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету (**тіл дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. (**музыка**):
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	**Әңгіме: "Қар қай жерде туады?"** Мақсаты: балалардың қыс	**"Шыршаның инелері" әңгімесі** Мақсаты: балалардың	**"Аяз ағашты өлтіруі мүмкін бе?" әңгіме.** Әңгімелесу барысы:	**"Аяз қалай қалыптасады?" әңгіме.** Әңгімелесу барысы: Аяз шық	**Д/О:** «Көңілді қыс және қысқы ойындар» **Мақсаты:** Балаларды

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	туралы түсініктерін жалпылау; қыс айларына тән белгілер туралы білімдерін бекіту; табиғаттағы байланыстар мен заңдылықтарды орнатуға үйрету. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Заттар мен құралдар»** **Мақсаты**Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. **(сенсорика)** **Д/О «Отбасы мүшелері»** **Мақсаты:**Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас	ағаштар туралы түсініктерін кеңейту. Танымдық қызығушылықты дамытуға ықпал ету. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Заттар мен құралдар»** **Мақсаты** Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. **(сенсорика)** **Д/О: «Менің атым...»** **Мақсаты:**Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру**. (қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне	Барлық жануарлар мен адамдар суық қысқа дайындалады. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Геометриялық фигуралар»** **Мақсаты**: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. **(сенсорика)** **Д/О: «Сиқырлы дорба»** **Мақсаты:**Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу	сияқты қалыптасады. Аяз — қатты шық. Күн батқаннан кейін жер беті салқындай бастайды, таңертең одан да салқындай бастайды. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Геометриялық фигуралар»** **Мақсаты**: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру **(сенсорика)** **Д/О: «Көліктер»** **Мақсаты:**. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу. Бір–біріне қамқор болуға тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Геометриялық фигуралар»** **Мақсаты:**Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру**(сенсорика)** **Д/О: «Ересектердің еңбегі»** **Мақсаты:**. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

	танытуға баулу.	жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.			
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу (затсыз)** Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Орнында жүру. Тыныс алу жаттығуы**(дене тәрбиесі)**				
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек)				
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Дене тәрбиесі** "Жаңа жылдық сыйлығым". Мақсат-міндеттері. Балалардың педагог лақтырған затты қағып алып, қайтадан кері лақтыру іскерліктерін дамыту; шарды қағып алуды және қайтадан лақтыруды үйрету; лақтыру кезінде қол мен саусақ бұлшық еттерін дамыту; жаңа жылдық көңіл күй сыйлау; жаңа жыл мерекесі жайлы балалардың ойларын дамыту; өз ойларымен бөлісуге ынталандыру; қимылептілігін дамыту.	**Дене тәрбиесі** "Дені саудың - жаны сау". Мақсат-міндеттері. Балалардың доға астынан еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; жалпы дамыту жаттығуларын жасауда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, қимылептілігін жетілдіру; тақырыпты пысықтау, қорытындылау	**Музыка** "Ормандағы бауырсақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды мүзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсінуге үйрету; мүзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу. **"Бауырсақ" музыкалық мүзикл.** Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету.	**Дене тәрбиесі** "Допты қағып алу". Мақсат-міндеттері. Балалардың педагог лақтырған допты қағып алып, қайтадан лақтыру іскерліктерін пысықтау; алдыңғы ұйымдастырлған іс-әрекеттерді пысықтай отырып, балалардың допты қағып алу және қайтадан лақтыру техникасы дағдыларын жетілдіруге ықпал ету; жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін дамыту, мерекелік көңіл күй сыйлау; тақырыпқа қызығушылықтарын дамыту.	
2- таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі илгектерді қолдана білу				
Серуен	Қарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: Қардың түсін қыс	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балалардың	Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау	Бақылау: Терезеге салған аяз өрнегін бақылау.	Бақылау: Айнала қысқы еңбек жайында әңгімелеу,

	мезгіліндегі қардың түсімен салыстырту (қардың түсі ақ емес, балшықпен араласып кеткендіктен кір). Қыс мезгіліндегі қар сияқты жылтырамайды. Сулы қар. Қардан аққала жасай алмайсың. Еңбек: Ағаш түбіндегі және көлеңкелі жердегі қарларды үгітіп, тез еріп кетуіне жағдай жасау. Мақсаты: Еңбекке баулу Тақырыбы: Ормандағы аю Мақсаты: Ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар	назарын ағаштар мен көлеңке жерлерге аудару. Ағаш түптері мен көлеңке жерлерде әлі де қар жатыр. Неліктен? Себебі ол жерлерге күннің жылуы қатты түспей тұр. Ағаштың көлеңкесі түскендіктен оның түбіндегі қар жай еріп жатыр. Ал күн қатты түскен жерлерде қар еріп кеткен. Еңбек: Еріген қар суына ағатын жол жасау. Мақсаты: Күрекпен жұмыс істеуді жалғастыру. Қимылды ойын: Тыныш қана жүгіріп өт Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу Еркін ойындар	(түсі, пішіні, қатты, жұмсақ) Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу. Жеке жұмыс: Санамақтар айту. Жаттау жаттату: Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала Ақ жамылып тұр бақтар Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу.	Еңбек: Топта табиғат бұрышында балықтарды жемдеу. Жеке жұмыс: Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан) Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты» Өзіндік іс – әрекет: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.	адамдар еңбегіне бақылау жасау. Еңбек: құстардың тіршілігін бақылау, оларға жем шашу. Жеке жұмыс: 1 – 2 құстың үлкендігін салыстырып, түрі, түсі немен қоректенетінін 5 – 6 баладан шеңбер жасап айтып әңгімелеу. Қимылды ойын: Шаңғымен жарыстырып ойындар ұйымдастыру. Өзіндік іс – әрекет: балалардың денсаулықтарын нағайтып, таза ауа жұтуға дағдыландыру.
Серуеннен оралу	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Адал азамат**				
Күндізгі ұйқы	ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою,				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу. Шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	«Әке мен бала» (әңгіме) Міндеті:Балаларды халық әндерін тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы: Отбасы мүшелері**	«Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі) Міндеті:Балаларды ертегілерін тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:Арыстан мен**	К.Нүсіповтың «Суретші қыс» өлеңі Міндеті:Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)**	К.Нүсіповтың «Суретші қыс» өлеңі Міндеті:Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)**	.Данабековтың «Қайырымдылық» Міндеті:Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)**

тағы басқа әрекеттер)	Сурет салу Міндеті: Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.. Мүсіндеу Міндеті: Балалардың сазбалшық, және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Жапсыру Міндеті: Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Құрастыру Міндеті:. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.	**тышқан** Сурет салу Міндеті: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Мүсіндеу Міндеті: Балалардың ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Жапсыру Міндеті: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Құрастыру Міндеті: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқалары Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). .	**Тақырыбы:Геометриялық фигура** Сурет салу Міндеті: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту Мүсіндеу Міндеті: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету Құрастыру Міндеті: өз бетінше құрастыру, Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.	**Тақырыбы: «Көліктер»** Сурет салу Міндеті: Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Мүсіндеу Міндеті: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету Құрастыру Міндеті: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқалары Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). .	**Тақырыбы: «Ересектердің еңбегі»** Сурет салу Міндеті: Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау Мүсіндеу Міндеті: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: Жапсыруға қызығушылықты ояту Құрастыру Міндеті: Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқалары Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

Балалармен жеке жұмыс	**"Қуыршақтар"** Мақсат-міндеттері. Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Қуыршақтар күлімдейді: - Кел, ойнайық! - дейді. Қуыршақты тербетейік: - Ұйықташы,- дейік. Д. Ахметова **(тіл дамыту)** ***Али Амирхан***	**Саусақ ойыны. "Бас бармақ".** Мақсат-міндеттері. Саусақ санамағы арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек - көмек, Ортан терек - бөлек, Шылдыр шүмек - керек, Кішкентай бөбек - көбелек, көбелек.**(тіл дамыту)** ***Мұзраб Дінмұхаммед***	**"Пішін салғыш ойыншықпен ойын".** Мақсат-міндеттері. Пішін салғыш ойыншықтармен ойнау. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға салайық. **(тіл дамыту)** ***Кенебаев Арсен***	**"Сергіту сәті"** Мақсат-міндеттері. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жатттықтыру. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. **(тіл дамыту)** ***Әбілхан Мариям***	**"Сары күнге ұқсап" қимыл жаттығуы.** Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап-сап". Бұлт келсе қап-тап, Жаңбыр жауар "там-там". **(тіл дамыту)** ***Болат Ақарыс***
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (сөйлеуді дамыту)				
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу				
Серуен	Қарды бақылауды жалғастыру. Мақсаты: Қардың түсін қыс мезгіліндегі қардың түсімен салыстырту (қардың түсі ақ емес, балшықпен араласып кеткендіктен кір). Қыс мезгіліндегі қар сияқты жылтырамайды. Сулы қар. Қардан аққала жасай алмайсың. Еңбек: Ағаш түбіндегі және көлеңкелі жердегі қарларды үгітіп, тез еріп кетуіне жағдай жасау. Мақсаты: Еңбекке баулу Тақырыбы: Ормандағы аю Мақсаты: Ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар	Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Балалардың назарын ағаштар мен көлеңке жерлерге аудару. Ағаш түптері мен көлеңке жерлерде әлі де қар жатыр. Неліктен? Себебі ол жерлерге күннің жылуы қатты түспей тұр. Ағаштың көлеңкесі түскендіктен оның түбіндегі қар жай еріп жатыр. Ал күн қатты түскен жерлерде қар еріп кеткен. Еңбек: Еріген қар суына ағатын жол жасау. Мақсаты: Күрекпен жұмыс істеуді жалғастыру. Қимылды ойын: Тыныш қана жүгіріп өт Мақсаты: Шапшаңдыққа тәрбиелеу Еркін ойындар	Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ) Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу. Жеке жұмыс: Санамақтар айту. Жаттау жаттату: Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала Ақ жамылып тұр бақтар Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу.	Бақылау: Терезеге салған аяз өрнегін бақылау. Еңбек: Топта табиғат бұрышында балықтарды жемдеу. Жеке жұмыс: Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан) Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты» Өзіндік іс – әрекет: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.	Бақылау: Айнала қысқы еңбек жайында әңгімелеу, адамдар еңбегіне бақылау жасау. Еңбек: құстардың тіршілігін бақылау, оларға жем шашу. Жеке жұмыс: 1 – 2 құстың үлкендігін салыстырып, түрі, түсі немен қоректенетінін 5 – 6 баладан шеңбер жасап айтып әңгімелеу. Қимылды ойын: Шаңғымен жарыстырып ойындар ұйымдастыру. Өзіндік іс – әрекет: балалардың денсаулықтарын нағайтып, таза ауа жұтуға дағдыландыру.
Балалардың үйге қайтуы	«Баланың балабақшаға бейімделуі» психологтің кеңесі «Көше және мен» (ата-аналар балаларымен бірге кітапшалар дайындау)				

	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама «Сіздер үшін,ата-ана..» жадынама

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Муслимхан» балабақшасы

Топ: «Балапан»кіші тобы

Балалардың жасы- 2 жастағы балалар.

Жоспардың құрылу кезеңі : 29.12-31.12.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі
Балаларды қабылдау	«Кітап – менің қазынам» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(адал азамат)** «Мен және досым» Ойынның мақсаты: Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. (**тіл дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. (**музыка**):	«Жас тыңдарман» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(адал азамат)** Д/О «Қатты-ақырын-сыбырлап» Мақсаты: қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу салу) адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. (**тіл дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу (**музыка**):	«Қамшы өру» ойыны Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру. **(адал азамат)** Д/О «Кім тапқыр?» Мақсаты: қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. (**тіл дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру (**музыка**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О: **«Аязды қыс».** **Тапсырмалар**: аязды ауа райында өзін дұрыс ұстауға үйрету. Дид. Жаттығу (ауызша) «Қандай қыс» 2. Қысқы киімдерді қарау әңгімелесу. **(Қауіпсіздік дағды)** **Д/О «Заттар мен құралдар»** **Мақсаты**: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік	«Жолаушылар» Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. **(Қауіпсіздік дағды)** **Д/О «Заттар мен құралдар»** **Мақсаты**: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. (**сенсорика**)	**Д/О: «Көктайғақ»** ⁻ қыс мезгілінде – көктайғақта қауіпсіздік ережелерін бекіту; ⁻ суреттерден қауіпті жағдайды анықтауға, оны сипаттауға және ережелерді білуге үйрету, жарақат алмау үшін оны сақтау керек. **(Қауіпсіздік дағды)** **Д/О «Жануарлар»** **Мақсаты**: көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. (**сенсорика**) **Д/О: «Сиқырлы дорба»** **Мақсаты:** Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған

	үйлесімділігін дамыту. (**сенсорика**) **Д/О: «Отбасы мүшелері»** **Мақсаты:** «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. (**қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу	**Д/О: «Сиқырлы дорба»** **Мақсаты:**. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру (**қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. (**қоршаған әлеммен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу (затпен)** 1. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. 2. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. 3. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. 4. Алға және екі жаққа еңкею 5. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу 6. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. 7. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). 8. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. 9. Орнында жүру. 118ыны салу жаттығуы **(дене тәрбиесі)**		
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек)		
ББҰкестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Дене тәрбиесі** Міндеті: **Жүр**у: белгі бойынша тоқтап **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары**: тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру	**Дене тәрбиесі** Міндеті: **Жүр**у: белгі бойынша тоқтап **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары**: тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру	**Музыка** «Ормандағы бауырсақ». Мақсат-міндеттері. Балаларды мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсінуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу. **«Бауырсақ» музыкалық мюзикл.** Мақсат-міндеттері. Кейіпкердің дыбысын әндетіп шығаруды үйрету.
2- таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру		
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу		

Серуен	Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ) Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу. Жеке жұмыс: Санамақтар айту. Жаттау жаттату: Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала Ақ жамылып тұр бақтар Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу **Қ/О:** Құстарға жем шашу. **Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу. **(Экологиялық тәрбие)**	Бақылау: Ауа райына бақылау жасау. Күн суық, аяз. Еңбек: Күтуші апайға ыдыстарды қоюға көмектесу. Жеке жұмыс: Ертегі айтқызу. «Жеті лақ» ертегісі Мақсаты: Тілдік қорларын байыту. Қимылды ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: Ұйымшылдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: ұжымды түрде конструктордан қала көшесін құрастыру. **Д/О:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)**	Бақылау: Көліктерді бақылау. Көліктерді, олардың түстерін, түрлерін ажырату. Еңбек: Айналаны ұқыпты ұстайық! Балаларды ұқыптылыққа, еңбекке баулу. Жеке жұмыс: жұмбақтар шешу: Орманда жоғары Ағашқа қонады, Тұмсығын балға етіп, Тоқ, тоқ соғады. (Тоқылдақ) Мақсаты: балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылды ойын: «Паровоз» Мақсаты: балаларды саппен жүруге үйрету, ынтымақтастыққа, бауырластыққа тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: Шаштарын әдемілеп тарау, жинау.
Серуеннен оралу	Киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу		
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру		
Күндізгі ұйқы	ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою,		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу. Шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру		
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Айна» (халық ертегісі) Міндеті:Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:Отбасы мүшелері** Сурет салу Міндеті: Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, Мүсіндеу Міндеті: Балалардың сазбалшық, және оның	«Қызыл телпекті қыз» (ертегі) Міндеті: Балаларды ертегілерін, тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:Қызыл телпекті қыз** Сурет салу Міндеті: дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Мүсіндеу	«Алтын бала» (С. Тұрдалиев) Міндеті: Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы: Досыма сыйлық** Сурет салу Міндеті: Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу

